

## АҚШ-ТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ

**Оразгазина Алуа Маманкызы**

orazgazinaalua@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Орталық Азия Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін халықаралық аренаға жаңа елдердің: Қырғызстан, Қазақстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстанның шығуымен бірден барлығын қызықтырды. Бұл аймақ аласапыран тарихы бар бір-біріне ұқсамайтын елдерден тұратындықтан үлкен қызығушылық тудырады. Орталық Азия – қазіргі таңдағы үлкен маңызға ие, АҚШ, Ресей және Қытай сияқты алып державалардың мүдделері тоғысқан аймақ болып табылады. ХХІ ғасырдың басында Орталық Азия аймағы қазіргі әлемнің маңызды геосаяси орталықтарының біріне айналды. Орталық Азия аймағы ең алдымен бай энергетикалық ресурстардың болуына байланысты әлемдік қоғамдастықтың ерекше қызығушылығын тудырады. Осы себептердің салдарынан бұл аймақ инвестициялық тартымды орталықтардың бірі болып табылады. Әлемдегі дамыған және экономикасы қуатты ел ретінде Америка Құрама штаттарының да бұл аймақта өзіндік мүдделері мен қызығушылықтары айқындалады.




Кесте 1. [Автормен құрастырылған]

жыл	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Млрд доллар	30,5	31,5	24	28	26	29	31

Сурет 1-де келтірілген статистикаға сәйкес, Орталық Азия аймағына жыл сайын миллиардтаған көлемде инвестиция бөлінеді. Көріп отырғанымыздай, 2013, 2014-жылдары инвестиция ағымы біркелкі болды, бұл тікелей инвестиция құятын елдердің, Орталық Азия елдерінің экономикасының тұрақтылығымен сипатталады. Ал 2015 жыл - статистикадағы ең төмен нүкте, 2014-жылдың сонынан бастап валюталық дағдарыс басталады, ол 2015-жылы да жалғасады. 2014-жылы Ресейге санкция салу нәтижесінде Ресейде инфляция деңгейі күрт өсіп кетті. БҰҰ-ның есебіне сәйкес, 2015-жылы дүниежүзінде экономика өсімі тек 2,4%-ды құраған, бұл оның алдындағы жылдармен салыстырғанда ең төмен көрсеткіш болып табылады. Ал 2019 жыл - статистикадағы ең жоғарғы нүкте, 2019-жылы инвестициялар көлемі Өзбекстанға құйылған инвестициялар есебінен өсті. Өзбекстандағы Ш. М. Мирзиёевтың экономикалық реформалары нәтижесінде Өзбекстан инвесторлар үшін артымды бола бастады.

Дүниежүзілік банктың 2019-жылғы мәліметіне сәйкес, әлемдегі шетелдік тікелей инвестицияларды құю деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингінде АҚШ бірінші орынға ие [1]. Ел жыл сайын көптеген дамушы елдерге инвестиция құюмен айналысады. Солардың ішінде Орталық Азия елдері АҚШ үшін негізгі инвестиция құю орталықтарының бірі болып табылады.

Сурет 2. АҚШ-тың Орталық Азиядағы тікелей инвестициялар көлемі [4].



Сурет 2-де көрсетілген статистикаға сәйкес Орталық Азиядағы белсенді инвесторлардың ішінде АҚШ инвестициялар көлемі 10,8%-ды құрайды. Америка Құрама Штаттары Орталық Азияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті, демократиялық реформалар мен экономикалық өсім мен гуманитарлық қажеттіліктерді қолдау үшін 9 миллиард доллардан астам тікелей көмек көрсетті. АҚШ -тың басшылығымен Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкі аймақтың қолдауына 50 миллиард доллардан астам несие, қарыз және техникалық көмек көрсетті [2]. АҚШ-тан Қазақстанның өзіне құйылған тікелей инвестициялар көлемі 53 миллиард доллардан асты [3]. Өзінің қызығушылықтарына сай Құрама Штаттар бірнеше саяси бағдарламаларды жүзеге асыру барасында, мысалы «С5+1» бағдарламасы. «С5+1» өзара іс-қимыл форматы 2015 жылы экономика, экология және қауіпсіздік саласындағы аймақтық мәселелерді талқылау үшін құрылды, АҚШ-тың «С5+1»-ге қатысуы аймақтық байланыстарды, сондай -ақ Орталық Азия елдерінің егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қолдайды. «С5+1» жобалары Америка Құрама Штаттары үкіметінің қауіпсіздік,

экономикалық қарым -қатынас және қоршаған орта саласындағы 34 миллион доллардан астам көмегімен Орталық Азияда жүзеге асырылуда.

Дегенмен, Орталық Азия аумағы екі алпауыт–Ресей мен Қытай арасында, Еуразия материгінің дәл ортасында орналасқан үлкен геосаяси мүдделерге сәйкес келетін аймақ болғандықтан, АҚШ-тың аймаққа деген қызығушылығының астарын айқындау маңызды болып табылады. АҚШ-тың Орталық Азия территориясында белсенділік көрсетуі осы аумақта саяси тепе теңдікті сақтауда белгілі бір рөл атқарады. Сондай-ақ, АҚШ Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы байланыстарды нығайтуға мүдделі бірден бір мемлекет. Американдық CASA-1000 жобасы Орталық Азиядан Ауғанстан мен Пәкістанға электр энергиясын экспорттауды жеңілдету арқылы Орталық Азия елдерінің экономикасын нығайтуға бағытталған. Жалпы алғанда, Ауғанстан мәселесінде АҚШ Орталық Азия елдері үшін маңызды рөл ойнайды. Мысалы, АҚШ-тың Ауғанстанда эффектісіз саясат жүргізуі мен қазіргі таңда әскерін шығарып алуы кейбір Орталық Азия елдерінің, әсіресе оған жақын орналасқан мемлекеттерде тұрақсыздыққа алып келу қаупі бар. Тұрақтылық, шекара мәселесіне келсек, осы уақытқа дейін АҚШ аймақтың оңтүстік-шығыс шекарасының қауіпсіздігі үшін кедендік және шекаралық қызметкерлерді оқыту, шекара қауіпсіздігі құралдарын жаңарту және бүкіл аймақ бойынша 13 жедел шекара заставаларын құру сияқты мәселелерге 90 миллион доллардан астам қаржы бөлді [2].

Құрама Штаттар қазіргі таңда жұмсақ күш саясатын белсенді қолдануда, Орталық Азия аймағы да бұл саясаттан тыс қалған жоқ. Ағылшын тілін үйрену, американдық мәдениетті сезіну және сұранысқа ие дағдыларды алу үшін жыл сайын 1,4 миллион орталық азиялықтар Америка орталықтарына барады. Тәуелсіздік алғаннан бері Орталық Азияның 40 мыңнан астам студенттері, мамандары мен шенеуніктері АҚШ-тың біліктілігін арттыру үшін АҚШ -тан қаржыландыру алды. Сонымен қатар, Орталық Азияда көптеген оқыту бағдарламалары жүзеге асуда. Мысалы, FLEX атты орта мектептегі алмасу бағдарламасы орта мектеп оқушыларына АҚШ-та бір жыл тегін оқуға мүмкіндік береді. FLEX бағдарламасына Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік департаменті демеушілік жасайды және көптеген елдерден, соның ішінде Орталық Азиядан жоғары сынып оқушыларын қабылдайды. Сондай-ақ, Дж.Уильям Фулбрайт бағдарламасы 1946 жылы Америка халқы мен бүкіл әлемдегі адамдар арасындағы өзара келісімді нығайту үшін құрылған. Қазақстандағы АҚШ елшілігі Фулбрайт бағдарламасына құжаттарды қабылдайды. Гранттарды бөлу ашық конкурс есебінде жүзеге асырылады [5].

#### PEST-талдау. АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделері мен қызығушылықтары

Саяси	Экономикалық
<p>1. Аймақтағы тепе-теңдікті сақтау. АҚШ-тың белсенділік көрсетуі осы аймақта саяси тепе теңдікті сақтауда белгілі бір рөл атқарады.</p> <p>2. Ауғанстандағы эффектісіз саясат. Бұл Орталық Азия елдерінің, әсіресе оған жақын орналасқан мемлекеттерде тұрақсыздыққа алып келу қаупі бар.</p> <p>3. АҚШ-тың дәнекерлік рөлі. Ол Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы байланыстарды нығайтуға мүдделі.</p>	<p>1. Инвестициялық ағымдар. АҚШ Орталық Азияға 9 миллиард доллардан астам тікелей көмек көрсетті. АҚШ -тың басшылығымен Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Азия даму банкі аймақты қолдауына 50 миллиард доллардан астам несие, қарыз және техникалық көмек көрсетті</p> <p>2. «С5+1» бағдарламасы. С5 + 1 жобалары АҚШ үкіметінің қауіпсіздік,</p>

<p>4. Аймақтың оңтүстік-шығыс шекарасының қауіпсіздігі. АҚШ осы мақсатта 90 миллион доллардан астам қаржы бөлді.</p> <p>5. Жаһандық көпжақты дипломатия. АҚШ Еуропалық Одақ пен С5 + 1 платформасы бар басқа да елдерді қоса алғанда, ортақ пікірлес серіктестермен кеңеседі және үйлестіреді.</p> <p>6. Ортақ шекаралардың жоқтығы. Аймақтың АҚШ-пен ортақ шекараның жоқтығы тасымалдау, байланыс орнату жағынан біршама қиындық тудырады, сонымен қатар қымбатқа шығады.</p> <p>7. Тарихи байланыстың жоқтығы. АҚШ-пен Орталық Азия елдерінің арасында тарихи, мәдени, дін, тіл жағынан үлкен алшақтық бар.</p> <p>8. АҚШ Орталық Азия елдерінің ішкі ісіне араласуы. Бұл 2001 жылы орын алған террорлық әрекеттен кейін айтарлықтай көрініс алып келеді</p>	<p>экономикалық қарым -қатынас және қоршаған орта саласындағы 34 миллион доллардан астам көмегімен Орталық Азияда жүзеге асырылуда.</p> <p>3. Қазақстан, Өзбекстан мен АҚШ-тың инвестициялық серіктестігі. Бұл бастаманың аясында Өзбекстанның Инвестициялар және сыртқы сауда министрлігі, «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен АҚШ -тың халықаралық даму қаржы корпорациясы (DFC) бес жыл ішінде кемінде 1 миллиард доллар тартуға бар күшін салады.</p>
<p>Әлеуметтік</p>	<p>Технологиялық</p>
<p>1. Жұмсақ күш саясаты. Жыл сайын 1,4 миллион орталық азиялықтар Америка орталықтарына барады.</p> <p>2. Орталық Азиядағы оқыту бағдармалары. Flex, Дж.Уильям Фулбрайт бағдарламасы, Қазақстандағы Сорос қоры және т.б жүзеге асырылуда.</p> <p>3. Демократияны насихаттау. Белгілі батыстық демократиялық принциптердің аймаққа «экспортталуда».</p>	<p>1. Энергетикалық жобалар. Мысалы, Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры - Каспий мұнайын Жерорта теңізі жағалауында орналасқан Түркияның Джейхан портына тасымалдауға арналған құбыр.</p> <p>2. Әскери саладағы жаттықтыру мен серіктестік. НАТО-ның шеңберінде жүзеге асатын Қазақстандағы «Дала қыраны» жаттығуы мен Мемлекеттік әріптестік бағдарламасы сияқты бірлескен әскери бастамалар бар.</p> <p>3. Цифрлік инфрақұрылым. Американдық GE Digital мен Қазақстандық «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры Қордың өнеркәсіптік компаниялар портфелінің цифрлық эволюциясын жеделдетуге бағытталған стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.</p>

PEST-талдау нәтижесіне сәйкес, 11>6 қорытындысымен АҚШ-тың Орталық Азиядағы мүдделері мен қызығушылықтарының саяси-әлеуметтік астары айтарлықтай басым екенін айта аламыз. Бұл АҚШ-тың геосаяси мақсаттарының басымдылығымен сипатталады. Сонымен қатар, Орталық Азия АҚШ-тың геосаяси фокустарындағы аймақтардың бірі және оның мүдделері басқа бір алпауыт мемлекеттің бұл аймақта саяси

үстемдік ету мүмкіндігін туғызбауға негізделген. Әсіресе, аймақтағы тепе-теңдікті сақтау АҚШ үшін ең маңызды мүдделерінің бірі болып табылады және ол осы мақсатта көптеген саяси-әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда. Бұл шаралар АҚШ-тың аймақтағы позициясын нығайтуға және аймақпен берік қарым-қатынасты сақтауға бағытталған. Орталық Азияның географиялық орналасуы, аймақ елдерінің саяси тұрақтылығы, мемлекет басшыларының АҚШ президентімен жақсы қарым-қатынастары және басқа державалардың аймақтағы белсенділігі АҚШ-тың қызығушылығын тек өрбітуде.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 World Bank: Foreign Direct Investment 2019 - <https://gtmarket.ru/ratings/foreign-direct-investment-index>
- 2 АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі мен консулдығының ресми сайты «Стратегия Соединенных Штатов в Центральной Азии на 2019-2025 годы: укрепление суверенитета и экономического процветания» бөлімшесі - <https://kz.usembassy.gov/ru/u-s-strategy-for-central-asia-2019-2025-advancing-sovereignty-and-economic-prosperity-ru/>
- 3 ТМД ұйымының жаңалықтар сайты - <https://sng.today/astana/14830-obem-prjamyh-investicij-iz-ssha-v-kazahstan-prevysil-53-milliarda-dollarov.html>
- 4 Экономика саласындағы «Energy prom» жаңалықтар сайты - <https://www.energyprom.kz/ru/a/monitoring/valovoj-pritok-pryamyh-inostrannyh-investicij-v-strany-centralnoj-azii-za-13-let-prevysil-378-milliardov-dollarov-iz-nih-bolee-77-prishlos-na-kazahstan>
- 5 АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі мен консулдығының ресми сайты «Мәдениет пен білім саласындағы бағдарламалар» бөлімшесі - <https://kz.usembassy.gov/ru/education-culture-ru/opportunities-ru/>

УДК 327.890

### **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Орынбекова Бағжан Орынбекқызы**

[bagzhan\\_orynbekova@mail.ru](mailto:bagzhan_orynbekova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Оңтүстік Корея мұнайдың барлығын дерлік шетелден сатып алатын энергия көздерінің ірі импортшысы болып табылады. Бұл сұйытылған табиғи газды импорттау бойынша әлемде екінші орында. Елдегі электр энергиясы әдетте өндірісті құрайтын дәстүрлі жылу энергиясы және атом энергиясы арқылы өндіріледі.

Жақында Кореяның энергетикалық өнеркәсібінің жартысынан астамы энергия импортына тәуелді болды және көмір мен су электр станцияларынан өндірілді. Бүгінде Кореядағы барлық электр станциялары елдің ішкі қажеттіліктерін өтеуге қауқарлы. Ал бұған көп жағдайда атом электр станциялары ықпал етуде – бүгінде олар елде тұтынылатын